

12 дәріс.

Тақырыбы:

**«Этникааралық шиеліністер
және оларды болдырмау
жолдары».**

Жоспар:

1. Этникааралық шиеліністер түсінігі
2. Әлемдегі этникааралық шиеліністер
3. Қазақстандағы этникалық негізде шиеленістерді болдырмау жолы.

Этникааралық
шиеленістер түрлі ұлттардың,
этникалық топтардың арасында
тәуелсіздікке, саяси билікке
ұмтылуға, жер дауына, діни,
этникалық кемсітушілікке, т.б.
себептерге байланысты туады.

Қазіргі замандағы ұлтаралық қақтығыстың көрінісі ретінде Израиль-Палестина қақтығысын айтуға болады. Арабтар мен еврейлердің жерге таласуы 1947-48 жылдардан бастап қарулы қақтығыстар формасынан үздік-создық жалғасып келе жатыр. Ұлтаралық қақтығыстар қатысушы топтардың өшпенділігі мен жауығуы жағдайында өрши түседі. Мұны Түркиядағы күрд мәселесі де дәлелдеп келеді. Күрдтердің өздері жинақы тұратын аймақта Күрдістан мемлекетін құру мақсаты түрік-күрд қайшылықтарына себеп болуда.

Батыс Еуропа елдерінде лаңкестіктің қаупін ислам дінімен байланыстырудың орын алуы мұсылман халықтарының өкілдерін қудалауға негіз болуда. Кейбір жағдайда жеке бір ұлттың шектен тыс шовинистік пиғылдары да Ұлтаралық қақтығысқа әкеледі. Мысалы, бұрынғы Югославия мемлекетіндегі сербтердің, албандардың шовинистік пиғылдары этникалық тазалауға немесе екінші бір этнос өкілдеріне қарсы қудалаушылық саясат жүргізуге себепкер болды. Нәтижесінде Югославия халықтарының Ұлтаралық қақтығыстары біртұтас мемлекеттің ыдырауына алып келді.

Әлемдік саяси қатынастарда Ұлтаралық қақтығыстар антисемиттік, яғни еврейлерге қарсы пиғылдарға байланысты да жиі қайталанды. Ресейде, Германияда, Италияда антисемиттік қырып-жоюлар, ұрып-соғулар болғаны белгілі. Ұлтаралық қақтығыстар ұлттық процестер мен ұлттық өмірдің құрамдас бөлшегі. Саяси тұрақтылықты, қоғамдық келісімді және ұлтаралық татулықты сақтау үшін үнемі Ұлтаралық қақтығыстарға себеп болатын қайшылықтар мен мәселелерді шешіп отыру қажет.

Мысалы, Қазақстанда мемлекеттік тіл мәселесінің шешілмеуі елдегі қазақ этносы өкілдерінің басым бөлшегінің ренішін тудыруда. Сол себепті, мемлекеттік тілдің даму жолдарын қамтамасыз ету арқылы болуы ықтимал Ұлтаралық қақтығыстың алдын алуға мүмкіндік бар.

Семинар 11

- Әлемдегі этникааралық шиеліністер
- Территорияға байланысты қақтығыстың бір түрі сецессия (сепаратизм). Осыған орай, Грузия-Абхазия, Оңтүстік Осетия, Молдавия-Приднестровье, ҚХР-Тибет, ұйғырлар, Турция-Курдистан, т.б сепаратистік құрылыстарды талдап, сараптаңыз.
- Қазіргі халықаралық терроризм мен діни экстремизмге қарсы күрестің негізгі маңызы «әділ жаза» беру. Осыған орай, эссе не реферат дайындаңыз.
- Терроризмге қарсы күрестің баламалы жолдарын көрсетіп, баяндама дайындаңыз;
- АҚШ, Ресей, ҚР президенттерінің сөздерінен үзінді келтіріңіз.
- Терроризммен діни экстремизмге қарсы күрес жүргізуді заңдастырған құқықтық құжатты талдап, сараптаңыз және оны семинарға пайдаланыңыз